КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ШЕШІМ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АТЫНАН

2024 жылғы 23 тамыз 7119-24-00-2/10078 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Т.Шамшильдин оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібінде келесі талап бойынша азаматтық істі қарады

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайларминистрлігі Мемлекеттік материалдық резервтер комитеті "Резерв" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
"InvestStroyGroup" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:
АПК-нің 223-226, 229-баптарын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайларминистрлігі Мемлекеттік материалдық резервтер комитеті "Резерв" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының "InvestStroyGroup" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап арызы –қанағаттандырылсын.

"InvestStroyGroup" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

"InvestStroyGroup" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет пайдасына 1846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде тараптар шағым жасалуы немесе апелляциялық тәртібімен прокурор наразылық білдіруі мүмкін.

Судья Т. Шамшильдин

Құжатқа қол қойылған: Шамшильдин Т., 23.08.2024

Заңды күшіне енген күні: 27.09.2024, судья Шамшильдин Т., 01.11.2024

7119-24-3-1/9344